ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Тұрғын үй көмегінің мөлшері меншік иесінің тұрып жатырған тұрғын үй аумағының әлеуметтік нормасы шегіндегі коммуналды қызметтерді пайдалану шығындары мен отбасының бір айлық орташа табысының бес пайызының айырмасы ретінде белгіленеді.

Егерде жекеменшігінде біреуден артық тұрғын үйі болып немесе тұрғын үйді қосымша жалға берген тұлғалар болса, олар тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады. Тұрғын үй көмегін есептеу үшін барлық нысанды үйлерде әлеуметтік тұрғын үй нормасы бір адамға пайдалы алаңның — 18 ш.м., көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызбасты азаматтар үшін 30 шаршы метрі мөлшерінде бекітілді.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) немесе сенімхат бойынша оның өкілі Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Атырау облысы бойынша Мақат аудандық халыққа қызмет көрсету бөліміне (орталығына) немесе электронды үкіметтің www.egov.kz.веб порталы арқылы өтініш беріп, төмендегі құжаттардың көшірмелерін тапсырады:

-Өтініш берушінің жеке куәландыратын құжаттың көшірмесі (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін түпнұсқасы);

-Отбасының кірісін растайтын құжаттар;

- тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп — ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

- Коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

- Жеке тұрғын үй қорының жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

А.ҚОНЫСОВА,
аудандық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің бас маманы

САТЫЛАДЫ

Неміс есту аппараттары сатылады.

Телефон: 8-701-101-05-91.

Лицензия №KZ60UBC00000788 28.07.2014ж. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқарамасы.

Темір шарбақ көлемі 3х1,6 метр және шланга ұзындығы 30 метр, диаметрі 6 см сатылады.

Телефон: 8-701-548-86-08

Жобаның атауы: «Сұйытылған азот пен оттегін өндіру зауыты» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп

Ықпал ету аумағы: Жобалау жұмыстары Атырау облысы, Мақат ауданы, СЭЗ НИНТ аумағында жүзеге асырылады. Ең жақын елді мекен — Доссор ауылы, қашықтығы 60 шақырымдай.

Қоғамдық тыңдаулар: 2024 жылдың 2 шілдеде сағат 15:00-де Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Доссор ауылы, көш. Ғ.Сүлейменов, 39 корпус, «Доссор» мәдениет үйі мекен-жайы бойынша ашық жиналыстар түрінде өтеді.

Интернеттегі байланыс сілтемесі:

https://us04web.zoom.us/j/77307260718?pwd=aky7Zi7LdD9LF2wwRYJ25jJVrqUgi2.1

Конференция идентификаторы: **773 0726 0718**

Кіру коды: **6nZ8pM**

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: " TenizEcoService " ЖШС, ҚР, Атырау қ., Жарбосынов к-сі, 5 үй.

Байланыс.тел.: **+7 7122 76 21 15, эл.пошта: bima@tenizecoservice.kz**

Әзірлеуші: "ЭКО НАЙС" ЖШС, БСН: 131040011648

Өкілі: Ильясова Айсулу,

Байланыстар: Тел. **+7(701) 524 42 19, e-mail: Eco_nays@mail.ru**

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Атырау қаласы, ш/а, мекен-жайы мен нөмірі бойынша білуге болады: **Eco_nays@mail.ru, Байланыс тел: +7(701) 524 42 19**

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАУ ТЕЛЕФОНДАРЫ:
3 07 66, +7 777 665 92 15

Қауіпсіздік

ДАЛА ӨРТІНІҢ АЛДЫН АЛУ КЕРЕК!

Қазіргі таңда облыс көлеміндегі ең маңызды мәселелердің бірі жаз айы мезгіліндегі орман және дала өрттерінің қауіпсіздігін сақтау болып отыр.

Бұл ұғымға барлық орман өрттері, дала және егін алқаптарындағы өрттер жатады, олардың барысында өсімдіктер, торф және басқа да жанғыш қазба байлықтары бақылаусыз жанып жатады. Орман өрттері ағаш және шіліктерді, орманда әзірленген өнімдерді, құрылыстар мен ғимараттарды жояды. Өрттен әлсіреп қалған өсімдіктер зиянды ауруларға шалдығады, бұл өрттен зақым келген ағаштармен бірге маңындағы өсімдіктердің де құруына әкеліп соқтырады. Өрт салдарынан орманның қорғау, ылғал сақтау және басқа да пайдалы қасиеттері жойылып, құнды фауна құртылады.

Негізінде, өрттердің 80% халықтың еңбек ету және демалу орындарында өртпен абайсыз болуынан және орманда жарамсыз техниканы қолданудан туындайды. Сондай-ақ, дала өрттері сырттан келген себептерден туындайды. Себебі, ағаштардың арасында оттың шығу көзі жоқ. Кейде кездейсоқ найзағай тиеді, алайда көбінесе адамдар себепкер болып жатады.

Дала өрттерінің пайда болуына бірден-бір себеп, ұзақ уақыт бойы жауын-шашынның болмауы, күннің аптап ыстығы мен желдің қатты соғуы және адамдардың от ошағын сөндірмеулері салдарынан болады.

Дала өрттеріне жол бермеу үшін далада отты барынша абайлап қолдану керек және бұны басқалардан да талап ету қажет.

Өрт қаупі кезеңінде далада от жақпаңыздар, сөндірілмеген темекі тұқылдарын және сіріңкелерді тастамаңыздар!

Сондай-ақ, демалушы азаматтардың қаперіне: өздері демалыс ұйымдастырған жерлерде тазалық сақтау, жағылған от көздерін сөндіру, яғни үйлеріне қайтар мезгілінде оттың сөндірілгеніне сенімді болуы керек.

Құрметті аудан тұрғындары!

Далалық жерлерде өрт тұтанғанын байқағанда кент, ауылдық округ әкімдіктеріне немесе өрт сөндіру қызметіне (112, 101 байланыс телефонына) уақытылы хабарлау қажет. Ал тұтанудың шағын ошақтарында өздігінен қол астындағы құрал-жабдықтармен сөндіру шараларын қолдану керек.

Дала өрттерін сөндірудің тәсілдері:

-төменгі өрттердің шетін шаршып өшіру. Ол үшін ұзындығы 1-2 м бұтақтарды немесе шағын жердің шетінен сырғыта ұрғылайды, оттың жалынын шарпыта сөндіріп, шоқтарды жанып кеткен жерлерге сыпырады. Бұл тәсіл төменгі баяу өрттерді сөндіруде тиімді, себебі олар сағатына 0,5 -тен 1 шақырымға дейін жайылады. 3-5 адамнан тұратын топ 40-50 минуттың ішінде 1000 м дейін жайылған өртті сөндіре алады;

-төменгі өрттің шетіне күрекпен топырақ лақтырып сөндіру тәсілін қолданғанда, жалын механикалық жолмен басылып, жанғыш материалдар суықтатылады, оларға ауаның баруы шектетіледі. Бұл тәсілмен құмды, топырағы бар жерлерде жеңіл өрттер сөндіріледі. Бір адам жарты сағаттың ішінде өрттің 20 метрдей шетін топырақпен жаба алады;

-шамалы отты аяқпен де таптап тастауға болады;

-егер жақын маңда су болса және оны әкелетіндей ыдыс болса, өртті сумен сөндіру қажет. Ең маңыздысы-жануды немесе түтіннің иісін уақытында байқау, оттың жүру бағытын анықтау керек.

Дала өрті жақындауының белгілері:

-желмен келген (түтін) иісі;

-орман алқабының үстінен төселген тұман тәрізді түтін;

-көкжиектің бір нүктесінде түнгі жарқырау, біртіндеп жан-жаққа таралып жатады, құстардың, жәндіктердің мазасыздануы, жануарлардың бытырап қашуы.

Өрт туындағанын байқасаңыз келесі әрекет жасауыңыз қажет:

-үрейге бой бермеңіз, сабыр сақтаңыз;

-биіктеу жерге немесе ағаштың үстіне шығып өрт ошағының шекарасын анықтаңыз;

-өрттің шамамен жылжу бағыты мен жылдамдығын ескере отырып, эвакуациялану жолын анықтауға тырысыңыз;

-өрттен жел соғып тұрған жаққа қарай, оттың ошағын айналып өтіп ығына қарай шығуға тырысыңыз;

-егер мәжбүр болсаңыз, өрттен болып жатқан жер деңгейінен жоғары төбелерде, батпақ далаларда, биік шоқырлардың үстінде жасырынуға болады. Адам бір себептермен оттың ошағында қалған жағдайда, келесі әрекет жасау қажет:

-өзінің маңайында мүмкіндігінше мол аумақты шөп, жапырақ, бұлақтардан және т.б. тазалау;

-жанғыш және тез тұтанғыш құрал жабдықтардан құтылу керек.

Аудан әкімі аппаратының азаматтық қорғау және жұмылдыру дайындығы бөлімі

Редакцияда облыстық **«АТЫРАУ»** және **«Прикаспийская коммуна»** газеттеріне, сонымен қатар 7 аудандық **(«Кең Жылой», «Қызылқоға», «Дендер», «Серпер», «Нарын таңы», «Жайық шұғыласы»)** газеттеріне жарнама қабылдаймыз.

«Мақат тынысы» газетінің ұжымы газеттің жарнама менеджері Жаннагүл Құлыншақоваға енесі **Галина Тканченконың** қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Акция

«АБАЙЛАҢЫЗ, БАЛАЛАР!»

Ішкі істер министрлігінің 2024 жылғы 15 мамырдағы нұсқауын орындау мақсатында 20 - 30 мамыр аралығында Атырау ст.ЖПб-нің қызмет көрсету объектілерінде көліктегі ішкі істер органдарының барлық күштері мен құралдарын жұмылдыра отырып, «Абайлаңыз, балалар!» республикалық акциясы өткізілуде.

Іс-шараның негізгі мақсаты - жасөспірімдер арасындағы қылмыстарды ескерту және алдын алу, оның ішінде тәуліктің кешкі және түнгі уақытында кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ балаларға қатысты қылмыстық қол сұғушылықтардың алдын алу.

Атырау станциясындағы желілік полиция бөлімінің полиция қызметкерлері ескертеді:

Балаларды қараусыз қалдырмауларыңызды;

Теміржол маңында ашық ойындарды ұйымдастырмауға;

Теміржол бойынан белгіленбеген жерден және вагон астынан өтпеуге;

Пойыз жүріп бара жатқанда отыруға немесе түсуге болмайды, пойыз толық тоқтаған кезде түсесіз;

Келе жатқан поезд алдынан жүгіріп өтпеңіз;

Есте сақтаңыз Теміржол — ойын алаңы емес!

Сондай-ақ, сағат 23:00 ден 06:00-ге дейін заңды өкілінің, ата анасының қадағалауынсыз жасөспірімдердің түнгі уақытта үй жайдан тыс жерде жүрмеу керек екендігі ескертеді. Атырау станциясы желілік полиция бөліміне қарасты қызмет атқару аймағында қадағалаусыз жүрген кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді анықтаған жағдайда, ата-аналары ҚР ӘҚБтК 442 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Атырау станциясындағы желілік полиция бөлімі

Қаперге!

СУҒА ТҮСУ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ!

Мақат ауданының аумағы табиғи су көздері (өзен, көл, теңіз) тапшы аудандардың біріне жатады. Ауданда су тоғандары және жағалаулар орналаспаған. Алайда, аудан тұрғындары жазғы демалыс уақытында өзге жерлерге демалу мақсатында баратындары белгілі.

Осы орайда айтарымыз, суға түсу маусым айы басталғалы көптеген қайғылы жағдайлар орын алуда. Олардың себебі ата-аналарының балаларын су жағалауында қараусыз қалдыруы, жас балалардың суда жүзе білмеуі, алкоголдік ішімдік ішіп түсуі және тыйым салынған жерлерде суға шомылуы болып отыр. Осындай қайғылы жағдайлар орын алмау үшін төмендегі шараларды ескере жүрулеріңіз сұралады.

Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары:

Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды, судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз;

Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз;

Суға тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыздар;

Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз;

Суға түскенде бір-біріңізді көзден таса қылмаңыз;

Қоршау белгілерінен, буйлардан тысқары аумаққа шықпаңыз;

Техникалық ескерту белгілерінің, буйлардың және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар;

Тыйым салынады:

Жүрек ауруымен ауыратын адамдарға суға түсуге, өйткені суға түсу кезінде қосымша қорқыныштар пайда болады;

Қатты толқын кезінде суға түсу;

Үлкендердің қарауынсыз балаларды суға шомылуға жібермеу;

Камерадан басқа талапқа сай келмейтін құралдармен суға түспеу;

Салқын суда ұзақ болмау, суда ұзақ болу денені салқындатады;

Қауіпті жағдай туралы хабар естігенде;

Дәрігердің шешімінсіз су астына сүңгімеу айналыспау.

Есте сақтаңыздар!

Судағы апаттан қорғанудың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау және қандай да бір оқиға болған уақытта 112 немесе 103 тегін байланыс телефонына соғып, оқиға орны мен мән-жайды нақты түсіндіру керек екендігі сұралады.

Аудан әкімі аппаратының азаматтық қорғау және жұмылдыру дайындығы бөлімі